«Бекітемін»
ЖШС «Smart kids» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі _____Бейсенбиева Ш.Б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде **2026 - 2027**
оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қыркүйек, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, шеңберге тұру. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.

		Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру, тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне дамалату. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: - қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); - заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; - қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; - қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге

		болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет Қазақ тілі	- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
		- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық

		талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, біртекті заттарды топтастыра білуге үйрету; «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету. Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру,

		заттарды шаманың берілген белгісі бойынша салыстыру: жалпы шамасы бойынша үлкен – кіші. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды ажырата білу қабілетін дамыту («Ғажайып қапшық» ойыны). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету (сол қол, оң қол). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру: күндіз – түнде, таңертең
	Қоршаған әлеммен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде қабылдауға үйрету, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға баулу, өз іс-әрекеттеріне оң баға беруді дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін атауға, өз отбасы туралы әңгімелеуге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну, тіс тазалау. Заттық әлем. Заттарды (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс) атау және ажырату дағдыларын қалыптастыру, олардың көлемін, түсін, пішінін, фактурасын, дыбысталуын зерттеуге, оларды топтарға біріктіруге үйрету. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Кеңістікті бағдарлауға үйрету (аталған ойыншықты табу, алып келу). Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалатын көлік

		құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру. Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне, аула сыпырушыға көмек көрсетуін ұйымдастыру. Көмектесуге деген ниетін тәрбиелеу, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды өз орнына жинауға, оларға ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілік-патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал әрекеттеріне аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үймен таныстыру. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға үйрету; амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға баулу; тәртіп пен тазалықты сақтауға ынталандыру. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. 2-3 түрлі ағашты, кейбір көгөністерді, бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Балабақша маңында және ауласында кездесетін жануарлар мен құстар туралы білімдерін бекіту; табиғат бұрышын мекендеушілерді (балықтарды) бақылау дағдыларын дамыту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күздегі ауа райының жағдайын анықтау (суық, жылы, бұлтты, ашық), табиғат құбылыстарын (күз мезгіліндегі) бақылау. Қауіпсіз мінез-құлық ережелері. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: саңырауқұлақтарды жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс тастамау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: жолға шықпау. Ойын алаңында, құммен, сумен және ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіз

		әрекет ету дағдыларын қалыптастыру: ұсақ заттарды ауызға салмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма

		бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ө.Байділдаев, К.Сүлейменов «Бақшаға барамын»; «Әлди-әлди» қаз. халық әні; Ө.Байділда «Көңілді би»; Г.Лобачев "Жаңбыр". Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов «Ойыншықтар»; К.Қуатбаев, О.Әубәкіров «Ақ әжем». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Э.Парлов "Марш"; Е.Макшанцева «Разминка»; Ө.Байділда «Көңілді би»; Е.Макшанцева "Марш"; М.Раухвергер «Қыдырамыз, билейміз». Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғының дыбысталуымен таныстыру.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қазан, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, аяқтарын алшақ қойып, домалату. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: - қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); - заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; - қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; - қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу

		дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;

		- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, біртекті заттарды топтастыра білуге үйрету; «Қанша? Неше?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі бойынша салыстыру: жалпы шамасы бойынша үлкен – кіші. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды ажырата білу қабілетін дамыту («Геометриялық фигуралар», «Ұқсас затты тап» ойындары). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету (сол қол, оң қол). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру: күндіз – түнде, таңертең – кешке.
	Қоршаған әлеммен	Бала, оның отбасы, үйі. Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға баулу, өз іс-әрекеттерін оң

	таныстыру	бағалауды дамыту. Жақындарына қамқорлық таныту. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну, тіс тазалау. Заттық әлем. Заттарды (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, көгөністер, жемістер, тоқаш, бауырсақ) атау және ажырату дағдыларын қалыптастыру, олардың көлемін, түсін, пішінін, фактурасын, дыбысталуын зерттеуге, оларды топтарға біріктіруге үйрету. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету (аталған ойыншықты табу, алып келу). Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалатын көлік құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру. Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне, аула сыпырушыға көмек көрсетуін ұйымдастыру. Көмектесуге деген ниетін тәрбиелеу, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, ойыншықтарды, құрылыс бөлшектерін, кітаптарды, заттарды өз орнына жинауға, оларға ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілік-патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал әрекеттеріне аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үймен таныстыру. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыландыру; амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету; тәртіп пен тазалықты сақтауға ынталандыру. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. 2-3 түрлі ағашты, кейбір көгөністерді, бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Балабақша маңында және ауласында кездесетін жануарлар мен құстар туралы білімдерін бекіту; табиғат бұрышын мекендеушілерді (балықтарды) бақылау дағдыларын дамыту.

		Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күздегі ауа райының жағдайын анықтау (суық, жылы, бұлтты, ашық), күзгі табиғат құбылыстарын (жаңбыр, жапырақтардың түсуі) бақылау. Қауіпсіз мінез-құлық ережелері. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: саңырауқұлақтарды жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс тастамау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышtан ұстау. Серуен кезінде жолға шықпауға үйрету. Ойын алаңында, құммен, сумен және ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру: ұсақ заттарды ауызға салмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа және мұрынға тықпау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір

		заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. И.Кишко «Күз»; Д.Ботбаев. «Күз жомарт»; Т.Вилькорейская «Гүлдермен би»; К.Қуатбаев «Орман шуы». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән

		айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Г.Абдрахманова «Күз»; "Е.Хасанғалиев, А.Асылбек «Сылдырмақ»; К.Қуатбаев «Бөбектер әні»; А.Райымқұлова «Торғай әні». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. И.Соколовский «Марш», А.Матмен «Шамшырақтар»; Н.Александрова «Кішкентай би»; Е.Арне «Адыммен айналу», Ө.Байділда «Көңілді би»; Г.Гусейнли «Шөжелерім». Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғының дыбысталуымен таныстыру.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қараша, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), тура жолмен. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), көлденең нысанаға, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), 1,5–2 метр қашықтықтан допты қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу: тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; саты бойымен өрмелеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: - қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); - заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; - қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; - қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды

		көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын

		қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта.

		Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. Заттардың санын ажырата білуге үйрету: «көп – біреу» («біреу – көп»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Шама.Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы ажырату, салыстыру

		нәтижелерін «бірдей», «үлкен – кіші» сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: оң жақ – сол жақ. Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білуге үйрету: күндіз – түнде, таңертең – кешке (күн тәртібінде күнделікті).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде қабылдауға үйрету, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға баулу, өз іс-әрекеттеріне оң баға беруді дамыту. Балаларды жақындарына қамқорлық танытуға үйрету. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну, тіс тазалау. Заттық әлем. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу арқылы (көгөністер мен жемістер, ойыншықтар), дәмін көру арқылы (жемістер), есту арқылы (жануарлардың дыбыстары) ажырата білуге үйрету. Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін ұғымдарды меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдауға, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Жаяу жүргіншілер мен көлік жолаушыларына арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне (аула сыпырушы, бағбан, жүргізуші, құрылысшы) және олардың еңбегінің нәтижелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру. Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне, аула сыпырушыға көмек көрсетуін ұйымдастыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, балалардың түрлі әрекеттеріне қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды өз орнына жинауға баулу. Өз құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттері мен бұйымдарына құрметпен қарауға, оларды ұқыпты сақтауға тәрбиелеу.

		Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал, іскер, еңбекқор, ұқыпты қасиеттеріне аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл, еліміздің астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу (серуендеу, көрікті жерлердің фотоколлаждарын жасау), айналасындағы ересектердің балаларға деген сүйіспеншілігі мен үнемі қамқорлық танытатынын түсінуге үйрету. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. 2-3 түрлі ағашты, дала гүлдерін, кейбір көгөністер мен жемістерді, бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар (қоян, тиін, аю, кірпі) туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді (аквариумдағы балықтарды) бақылау дағдыларын дамыту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Ауа райының жағдайын (суық, жылы) анықтау, күзгі табиғат құбылыстарын бақылау: жаңбыр, жел, ауа райы, күн, аспан, күзгі ағаштар, өсімдіктер, ауладағы құстар, жыл құстары. Күз мезгіліндегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу. Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыландыру. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға үйрету). Балабақшаның бөлмелері мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға баулу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс тастамау, қоқыс қалдырмау, өзінен кейін жинау, бұтақтарды сындырмау. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің

		алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянуштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: отпен ойнамау, жолға шықпау. Ойын алаңында және заттармен ойнау кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру: заттарды ауызға салмау, ұсақ заттарды құлаққа және мұрынға тықпау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық

		жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ж.Колодуб «Түлкі вальсі»; П.Попатенко «Машина»; К.Черни

		«Қояндар»; Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы «Бесік жыры». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Г.Абдрахманова «Күз»; Б.Қыдырбек, А. Асылбек «Доп»; Б.Дәлденбай «Қоңыр аю қорбаңбай»; К.Қуатбаев, О.Әубәкіров «Кәне, қызық ойын бар». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Э.Парлов "Марш", Ф. Ф. Наденeнко "Марш"; Е.Арне «Адыммен айналу», Б.Бейсенова "Мен ауылға барамын". Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): желтоқсан, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру, арақашықты сақтап, жүру бағытын өзгертіп, жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру. Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), допты бір-біріне, қақпаға домалату. Допты төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, доғаның астымен, таяқтың астынан (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, тұрған орнынан жоғары секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Дербес қимыл белсенділігі.

		Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада

		болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.

	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. Заттардың санын ажырату дағдысын жетілдіру: «көп – біреу», («біреу – көп»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен

		біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. (Қимылды ойындарда, ойыншықтармен ойнау барысында күн бойы күнделікті). Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, биіктігі, қалыңдығы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін белгілеу: бірдей, көлемі бойынша үлкен – кіші. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті ажырата білу дағдыларын бекіту («Ғажайып қапшық», «Гараждар» ойындары). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: оң жақта (биік шырша) – сол жақта (аласа шырша). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке (күн тәртібі барысында күнделікті).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде қабылдауға үйрету, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға баулу, өз іс-әрекеттеріне оң баға беруді дамыту. Балаларды жақындарына қамқорлық танытуға үйрету. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну, тіс тазалау. Заттық әлем. Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу арқылы (ойыншықтар), есту арқылы (жануарлардың дыбыстары) ажырата білуге үйрету. Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін ұғымдарды меңгеру. Кеңістікті бағдарлай білуге (топта, ойын кезінде ойын алаңында) және қоршаған ортаны қабылдауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Көшеде ересек адамның жанында болу, балабақша қоршауынан шықпау ережелерін түсіндіру. Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне (аула сыпырушы, бағбан, жүргізуші, құрылысшы) және олардың еңбегінің нәтижелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Ересектердің еңбегін (аула сыпырушының,

		тәрбиеші көмекшісінің, жүргізушінің) бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру. Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне, аула сыпырушыға көмек көрсетуін ұйымдастыру (еңбек әрекеті, таңертеңгі уақытта, серуен кезінде берілетін тапсырмалар). Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, балалардың түрлі әрекеттеріне қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Өз құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттері мен бұйымдарына құрметпен қарауға, оларды ұқыпты сақтауға тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, еңбекқор, ұқыпты қасиеттеріне аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу (серуендеу, көрікті жерлердің фотоколлаждарын жасау, елорда мен туған өлке туралы фотосуреттерді қарау), айналасындағы ересектерге сүйіспеншілік танытуға, балаларға қамқорлық көрсетуге үйрету (ойындарда, еңбек әрекетінде, киіну және шешіну кезінде). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету: амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету. Бөлмеде және балабақша ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға баулу. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. 2-3 түрлі ағашты (қылқанжапырақты, жапырақты), бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін (діңі, бұтақтары, жапырақтары, тамырлары (бөлме өсімдіктерінде)) ажырату. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар (қоян, тиін, аю) туралы, олардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жөнінде түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді (аквариумдағы балықтарды) бақылау дағдыларын дамыту.

		Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа райының жағдайын анықтау (суық, аязды, ашық, бұлтты, желді), қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау: қар, жел, ауа райы, күн, аспан, жапырақсыз ағаштар, жасыл қылқан жапырақты шырша, қар астындағы өсімдіктер, ауладағы құстар (торғай, сауысқан, сарышымшық, қарға). Қыс мезгіліндегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу. Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыландыру. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға үйрету). Бөлмеде және балабақша ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға баулу. Қыс мезгіліндегі серуен кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері: қарды жемеу, мұзды қолмен ұстамау, қоқыс тастамау, қоқыс қалдырмау, өзінен кейін жинау, бұтақтарды сындырмау, ересек адамның қарауынсыз мұз үстінде сырғанамау. Топтағы қауіпсіз мінез-құлық: шыршадағы ойыншықтармен ойнамау, шыршаның бұтақтарын тартпау, түсіп қалған түймелерді ауызға салмау (ересек адамға беру), терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін

		қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау.

		Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. В.Красева «Қыс»; С.Қалиев, Д.Омаров «Елтаңбасы елімнің»; К.Қуатбаев «Жасыл шырша жанында»; Е.Тиличеева «Шыршамызға арнаймыз». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. К.Қуатбаев, К.Шалқаров «Қыс әні»; Е.Құсайынов «Сәби қуанышы»;Г.Абдрахманова «Билейміз Аяз атамен»; К.Қуатбаев «Жасыл шырша жанында». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ

		би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. М.Старокадомский «Қысқы би»; «Етіктер» (Пр 57); М.Зацепина «Сақиналармен би». Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қаңтар, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, бүйірлеп жылжып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттардың арасымен еңбектеу, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), құрсауға еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, тұрған орнынан жоғары секіру, тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).

		Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж

		жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.

	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген

		сұрақтарға жауап беру. Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін сөзбен белгілеу: ұзындығы бойынша – ұзын, қысқа, бірдей, тең («Орман тұрғындарының жолдары», «Дана мен Томиристің қысқа және ұзын бантиктері»); ені бойынша – кең, тар, бірдей, тең («Кең және тар жолақтар», «Кең және тар кілемшелер»); қалыңдығы бойынша – қалың, жұқа («Аққалалардың қалың және жұқа шелектері»); биіктігі бойынша – биік, аласа, бірдей, тең («Қай мұнаралар биік, қайсысы аласа?», «Аққалалардың биік және аласа үйлері»); жалпы шамасы бойынша – үлкен, кіші («Жақын жердегі ғажайып»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру («Фигуралардан сурет құрастырайық», «Ғажайып қапшық»). Педагог балаларға қолын қапшықтың ішіне салып, геометриялық фигураны сипап сезу арқылы анықтап, оның атауын айтуын ұсынады. Фигураны қапшықтан шығарған кезде оның неліктен сол геометриялық фигура екенін түсіндіру. Геометриялық фигуралар: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек. Аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін қабылдауға деген қызығушылығын дамыту, өзін атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу арқылы ажырату қабілетін дамыту («Ғажайып қапшық»). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында ыдыстарды дұрыс пайдалану, оларды белгіленген орындарына орналастыру). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың қызметін түсіну, заттар тобына жататын заттарды ажырату. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Қай жерде орналасқан?»). Көлік, байланыс құралдары.

		Көлік құралдарының түрлерімен (жүк көлігі, қар тазалайтын машина) таныстыру. Көлік жолаушыларына арналған қарапайым ережелермен таныстыру («Автобус»). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (жүк көлігі, қар тазалайтын машина, қыстағы аула сыпырушының еңбегі). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне (сөрелердің шаңын сүрту), аула сыпырушыға (қар басқан жолдарды тазалау, жемсауыттағы құстарды қоректендіру) көмек көрсетуін ұйымдастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (шырша, қарағай, терек, қайың), бөлме өсімдіктері (фикус) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Менің Отаным – Қазақстан. Жануарлар әлемі. Қазақстанда, туған өлкеде мекендейтін жабайы жануарлар (қыс мезгіліндегі), олардың төлдері және қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту (аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Қыстағы ауа райының жағдайын анықтау (суық), қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, қысқы кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, аяз, қар жауып тұр, боран, жел). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: жолға шықпау, қарды жемеу, қолғапты шешпеу, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып,

		ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен

		таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. «Дыбысты біл» шығармасы ("Шулар" сериясы); "В.Волков «Қырсық бөпе»; Д.Ботбаев, А.Асылбек «Қасқыр»; В. Герчик «Торғай». Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. К.Қуатбаев, К.Шалқаров «Қыс әні»; К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов «Ақша қар»; Б.Дәлденбай, А.Асылбек «Аю», «Түлкі»; А. Райымқұлова «Торғай әні». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық

		шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Т.Вилькорейская «Ренжістік-татуластық»; "Ламбада"; "Қасықтармен би". Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас, қасықтармен және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ақпан, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: еденге қойылған заттардан аттап жүру, бүйірлеп жылжып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, құрсаудан, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, тұрған орнынан аяқтан аяққа түсіп секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды

		жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыСан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Марғаулар жіптермен ойнағысы келеді», «Тәрелкелер мен қасықтар», «Кезекші болайық», «Салатқа не саламыз?», «Алмаларды бөліп алайық». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша белгілеу: ұзын – қысқа, бірдей, тең («Ұзындығы бірдей таспаларды табайық»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Ғажайып қапшық» (геометриялық фигуралар)). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында», «Кезекші болайық», «Үстелді дайындайық»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата

		білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Мишутканың бір күні»). ратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және

		ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

		Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Марғаулар жіптермен ойнағысы келеді», «Тәрелкелер мен қасықтар», «Кезекші болайық», «Салатқа не саламыз?», «Алмаларды бөліп алайық». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша белгілеу: ұзын – қысқа, бірдей, тең («Ұзындығы бірдей таспаларды табайық»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Ғажайып қапшық» (геометриялық фигуралар)). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда –

		төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында», «Кезекші болайық», «Үстелді дайындайық»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін қабылдауға деген қызығушылығын дамыту, өзін атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін дәмін тату арқылы ажырата білу қабілетін дамыту («Дәміне қарай таны» (көгөністер мен жемістер)). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында дұрыс пайдалану, белгіленген орнына қою). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың қызметін түсіну, белгілі бір заттар тобына жататын заттарды ажырату (тұрмыстық техника; «Иесін тап» (мамандықтарға арналған атрибуттар)). Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Қай жерде орналасқан?»). Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалатын көлік құралдарымен (кеме, ұшақ) таныстыру. Көлік жолаушыларына арналған қарапайым ережелермен таныстыру (сюжеттік-рөлдік ойын «Саяхатқа шығамыз» (кememен, ұшақпен)). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (жүк көлігі, қар тазалайтын машина, жедел жәрдем көлігі, қыстағы аула сыпырушының еңбегі). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне (сөрелердің шаңын сүрту), аула сыпырушыға (қар басқан жолдарды тазалау) көмек көрсетуін ұйымдастыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын мейірімді, жанашыр, қамқор, еңбекқор, ұқыпты әрекеттерге аудару (сюжеттік-рөлдік ойындар «Аурухана», «Шаштараз»). Менің Отаным – Қазақстан.

		Айналасындағыларға, құрдастарына деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты білдірудің үлгілері туралы түсініктерін дамыту («Неліктен кішкентай қыз жылап отыр?» ойын жағдаяты). Балалардың балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыларын бекіту, әдепті қарым-қатынасқа баулу, жалпыға ортақ ережелер мен нормаларға қызығушылығын арттыру: амандасу, қоштасу, көмек көрсеткені үшін алғыс айту. Бөлмеде тәртіп пен тазалық сақтауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру (жасыл шырша, терек; тоқылдақ, үкі). Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (шырша, қарағай, терек, қайың), бөлме өсімдіктері (бальзамин, аспидистра) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Қазақстанда, туған өлкеде мекендейтін үй жануарлары (қыс мезгіліндегі), олардың төлдері және қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту (аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Қыстағы ауа райының жағдайын анықтау (суық), қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, қысқы кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, аяз, қар жауып тұр, боран, жел). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: жолға шықпау, қарды жемеу, қолғапты шешпеу, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;

		- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.

		Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Б.Бейсенова «Тұлпарым»; Т. Попатенко «Машина»; И.Нүсіпбаев «Кір қуыршақ»; В. Шаинский «Күлкі». Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Б. Ғизатов «Төлдер»; Е. Нұрбек "Жүргізуші"; К.Қуатбаев "Кәне, қызық ойын бар"; Б.Бейсенова "Ата-ананы тыңдаймыз". Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын

		дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. С. Прокофьева «Марш», «Тауықтар» биі (қытай әуені); Н. Лысенко «Қуыршақтармен би»; «Кір жуу» биі. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): наурыз, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, еденге қойылған заттардан аттап жүру, бүйірлеп жылжып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру, тура жолмен, тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, тұрған орнынан жоғары секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: - аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;

		- отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж

		жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

		Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Тамшыларды санайық», «Асықтарды жинайық», «Әдемі белдік

		құрастырайық», «Биік және аласа үйлерден тамған тамшылар», «Аюдың қонжықтарына бал таратып берейік», «Асықтар саны бірдей». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ені бойынша белгілеу: кең – тар, бірдей, тең («Аюдың қонжықтарына арналған кеудешелер»); биіктігі бойынша: биік – аласа, бірдей, тең («Биік және аласа үйлерден тамған тамшылар»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Геометриялық фигуралардың ғажайып алаңы»). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында», «Әдемі белдік құрастырайық», «Асықтар саны бірдей»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін қабылдауға деген қызығушылығын дамыту, өзін атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін және олардың іс-әрекеттерін атауға баулу. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін дыбысы арқылы (музыкалық аспап) ажырата білу қабілетін дамыту («Дыбысынан таны»). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында дұрыс пайдалану, белгіленген орнына қою). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың қызметін түсіну, белгілі бір заттар тобына жататын заттарды ажырату (ыдыстар («Дастархан жаямыз»), музыкалық аспаптар). Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Үстелді безендіру» (қасықты, бокалды, тәрелкені өз алдындағы үстелге орналастыру)). Көлік, байланыс құралдары.

		Көлік құралдарының түрлерімен және қозғалыс құралдарымен (автобус) таныстыру, көлік жолаушыларына арналған қарапайым ережелермен таныстыру (сюжеттік-рөлдік ойын «Автобус»). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (автобус жүргізушісі, жеңіл көлік жүргізушісі, аспаз, аула сыпырушы). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне көмек көрсетуін ұйымдастыру (сөрелердің шаңын сүрту, үстелдерге қасықтарды орналастыру). Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Бөлмеде тәртіп пен тазалық сақтауға дағдыландыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал, ұқыпты әрекеттерге аудару («Ақшақар», «Заюшкинаның үйшігі» ертегілерін оқу). Балалардың балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыларын бекіту, әдепті қарым-қатынасқа баулу, жалпыға ортақ ережелер мен нормаларға қызығушылығын арттыру: амандасу, қоштасу, көмек көрсеткені үшін алғыс айту. Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үймен таныстыру. Айналасындағыларға, құрдастарына сүйіспеншілік пен қамқорлық танытудың үлгілері туралы түсініктерін дамыту (Наурыз мерекесіндегі ойын-сауықтар). Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру (күн жарқырайды, қар ериді, жылғалар ағады, тамшылар тамады; бәйшешектер; құстар ұшып келді: қараторғайлар). Жануарлар әлемі. Қазақстанда, туған өлкеде мекендейтін жабайы жануарлар (көктем мезгіліндегі), олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, көктемде ұшып келетін құстармен (қараторғайлар) таныстыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту (аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (шырша, қарағай, терек, қайың; бәйшешек, қызғалдақ), бөлме өсімдігі (бегония) туралы қарапайым

		түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Көктемдегі ауа райының жағдайын анықтау (суық, жылы), көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, көктемгі кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, желді, бұлтты). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: бұтақтарды сындырмау, бұталарды айналып өту, жолға шықпау, шалшық суларды баспау, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен,

		қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Н.Тілендиев «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!»; И.Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз»; А.Сағымбайқызы «Бесік»; «Ақсақ құлан» (халық күйі). Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

		Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Б. Бейсенова «Анажаным»; Н.Тілендиев «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!»; Б.Бейсенова «Наурыз-көктем»; Б.Бейсенова "Нұрлы көктем". Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. М. Раухвергер «Әуе шарларымен би», А. Чугайкина «Алаңқайдағы көжектер биі»; А.Тоқсанбаев «Биге шақыру»; «Қара жорға» (қазақ халық биі). Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын

		меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): сәуір, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Сәуір	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: - аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; - отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді

		сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.

	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта.

		Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. «Қол шапалақтау ойынын ойнайық». Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды

		алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Төлдерді жайлауға шығарайық», «Қанша болса, сонша құрастырамын». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша белгілеу: ұзын – қысқа, бірдей, тең («Ұзындықтары әртүрлі жылғалар»); биіктігі бойынша: биік – аласа, бірдей, тең («Биіктігі бірдей екі төлді тап»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Не қай жерде орналасқан?», «Орамалды безендіріңдер»). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта. Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзін атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын дамыту. Балаларды өз отбасы туралы әңгімелеуге баулу. Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу арқылы ажырата білу қабілетін дамыту («Қандай ойыншық жасырынды?»). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында дұрыс пайдалану, белгіленген орнына қою). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың қызметін түсіну, белгілі бір заттар тобына жататын заттарды ажырату (киім және аяқ киім («Киім, аяқ киім» лотосы), жиһаз («Жиһаздарды орын-орнына қоямыз»)). Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Жиһаздарды орын-орнына қоямыз»). Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалатын көлік құралдарымен (зымыран, әскери көлік) таныстыру. Көлік

		жолаушыларына арналған қарапайым ережелермен таныстыру (сюжеттік-рөлдік ойын «Ғарышкерлер»). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (жүк тасушы, аула сыпырушы). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне (сөрелердің шаңын сүрту, үстелдерге қасықтарды орналастыру), аула сыпырушыға (ұсақ бұтақтарды жинау) көмек көрсетуін ұйымдастыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «жақсы» немесе «жаман», «дұрыс» немесе «дұрыс емес» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал, ұқыпты, батыл әрекеттерге аудару («Батыл үйрек» («Храбрый утенок»), «Ақылды қоян» («Сметливый заяц») ертегілерін оқу). Менің Отаным – Қазақстан. Балалардың өздері тұратын қала немесе ауыл, Қазақстанның астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. Айналасындағыларға, құрдастарына сүйіспеншілік пен қамқорлық танытудың үлгілері туралы түсініктерін дамыту («Серуенге қалай киінеміз?» ойын жағдаяты). Балалардың балабақшада, үйде, көшеде тәртіпті сақтауға дағдыларын бекіту, әдепті қарым-қатынасқа баулу, жалпыға ортақ ережелер мен нормаларға қызығушылығын арттыру: амандасу, қоштасу, көмек көрсеткені үшін алғыс айту. Бөлмеде және балабақша ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға баулу (ойыншықтарды лақтырмау, өз орнына жинау). Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру (күн жарқырайды, құстар сайрайды, жеңіл киім киеміз; құстар ұшып келді: қараторғайлар, құстарға арналған ұялар; ағаш бұтақтарындағы бүршіктер ісінді). Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (көктерек, қарағаш; шегіргүл, нарцисс), бөлме өсімдігі (традесканция) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Қазақстанда, туған өлкеде мекендейтін үй жануарлары (көктем мезгіліндегі), олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, көктемде ұшып келетін құстармен (тырна, қараторғайлар) таныстыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту

		(аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Көктемдегі ауа райының жағдайын анықтау (жылы), көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, көктемгі кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, желді, бұлтты, жаңбыр жауып тұр). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: бұтақтарды сындырмау, бұталарды айналып өту, жолға шықпау, қолғапты шешпеу, шалшық суларды баспау, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу. Ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру: құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа және мұрынға тықпау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;

		- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға

		және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Е.Тиличеева «Ұшақ»; Е.Тиличеева «Күннің де достары бар"; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Б.Бейсенова «Туған елім»; Б. Бейсенова «Көктем келді»; И. Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»; Е. Обухова «Қуыршақ»; Б.Сметана «Полька»; «Қолды көрсет» латыш халық полькасы; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың

		дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС "Smart kids" бөбекжай балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): мамыр, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, доғаның астымен, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар:

		- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; - отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-

		жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.

		Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру,

		заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Гүлдерді гүлзарларға отырғызайық», «Бақша егеміз», «Барабанның ырғағына сәйкес сарбаздарды сапқа тұрғызайық», «Гүлдегі қанқыз», «Құлындарға сыйлықтарды тең бөліп берейік». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша белгілеу: ұзын – қысқа, бірдей, тең («Тәттілерді тауып көрейік»); ені бойынша: кең – тар, бірдей, тең («Тәттілерді тауып көрейік»); биіктігі бойынша: биік – аласа, бірдей, тең («Пирамидаларды салыстырайық»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Бақша егеміз»). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында», «Пирамида қай жерде тұр?», «Құлындарға сыйлықтарды тең бөліп берейік»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтытың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын, ойын міндеттерін шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды жақындарына, құрдастарына қамқорлық көрсетуге баулу (ойыншықтарымен бөлісу, киімін әперу, киімінің түймесін тағуға көмектесу). Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін

		қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу арқылы ажырата білу қабілетін дамыту («Қандай ойыншық жасырынды?»). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында дұрыс пайдалану, белгіленген орнына қою). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, белгілі бір заттар тобына жататын заттарды ажырату (көлік ойыншықтары («Көлік» лотосы), құрылыс материалдары («Қалашық саламыз»)). Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Ойыншықты әкел»). Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілер мен көлікке қатысты қарапайым ережелерді бекіту («Гараждар», «Торғайлар мен автомобиль», «Бағдаршам»). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (аула сыпырушы, дәрігердің тексеру жүргізуі). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне (сөрелердің шаңын сүрту, үстелдерге қасықтарды орналастыру), аула сыпырушыға (бұтақтарды жинау) көмек көрсетуін ұйымдастыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «жақсы» немесе «жаман», «дұрыс» немесе «дұрыс емес» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал әрекеттерге аудару (ойын жағдаяттары бойынша әңгімелесу). Менің Отаным – Қазақстан. Тұратын жері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін бекіту. Балалардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, айналасындағы ересектерге сүйіспеншілік танытуға, балаларға үнемі қамқорлық көрсетуге үйрету (жайлау, бақбақ және ойыншықтар туралы өлеңдер оқу). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету: амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету. Балабақшаның бөлмелері мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру (күн жылынды, күн жарқырайды, аспан көк түсті, жәндіктер пайда болды, аралар, ара көбелектер ұшып жүр, қараған, алма ағашы, бақбақ гүлдеді; бұтақтарда

		жапырақтар пайда болды). Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (шетен, емен, алма ағашы, қайың, терек; бақбақ, інжугүл, пион), бөлме өсімдігі (герань) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Жәндіктер (көктемде: қоңыздар, жұлдызқұрттар, көбелектер, аралар) туралы білімдерін бекіту, көктемде ұшып келетін құстармен (қарлығаш, көкек) таныстыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту (аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Көктемдегі ауа райының жағдайын анықтау (жылы, ыстық), көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, көктемгі кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, желді, бұлтты, жаңбыр жауып тұр, найзағай). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: жануарларға жақындамау, бұтақтарды сындырмау, бұталарды айналып өту, жолға шықпау, шалшық суларды баспау, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу. Ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру: құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа және мұрынға тықпау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.

		Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

		Д. Кабалевский «Сайқымазақтар»; Г. Лобачев «Жаңбыр»; «Камажай» қазақ халық әні; Б.Бейсенова «Тәрбиеші». Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Ж. Тезекбаев «Жеңіс күнін тойлаймыз»; М. Арынбаев «Топ-топ балақан»; Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Н.Әлімқұлов «Ойыншықтар». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. М.Бекенов «Джигитовка» қазақ ұлттық әуені; И. Кишко «Шарлар»; Д. Кабалевскийдің «Труба мен барабан»; К.Қуатбаев «Көңілді би», А. Матлина «Сылдырмақтармен би»; Б.Бейсенова "Тұлпарым". Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би

		қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.